

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚЫЛЫҚ БОЛЫП САНАЛАТЫН СТАЛКИНГТІҢ ОБЪЕКТИВТІ ЖАҒЫ

Алтайбаев Совет Қапашұлы
Заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастылығы профессор (доцент)
Еркебек Мұхамеджан Нұрлыбекұлы
ҚР ПМ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің аға жедел уәкілі, полиция майоры,
филисофия (PhD) ғылымдарының докторы
Қызылов Абылай Мирланұлы
«Құқықтану» білім бағдарламасы бойынша 2 курс студенті
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қоғамдағы қылмыс – бұл әлеуметтік құбылыстың бір түрі. Қылмыстық құқық бұзушылық жасайтын адамдар және мүдделері мен қатынастарына қол сұғушылық жүзеге асырылатын адамдар бірыңғай қоғамның мүшелері болып табылады. Қылмыстың дамуы қоғамдық прогресті және жалпы азаматтық қоғамның дамуын тікелей тежейді. Ол қоғаммен бірге өзгеріп, осы қоғамда туындайтын проблемалар мен қажеттіліктерді көрсетеді. Қоғамда туындайтын кез-келген өзгерістер, одан туындайтын әрекеттері дереу қылмыстық іс-әрекеттер жасауда көрнісін тауып, азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтық қатынастарына қол сұғады. Сондықтан мұны қылмыстың жаңа түрлерінің пайда болуымен байланыстыруға болады. Қазақстандағы мұндай жаңа құбылысқа, құқықтың шеңберіне алып, реттеуде қажет ететін «сталкинг» іс-әрекетін жатқызуға болады.

«Сталкинг» термині басқа адамға қасақана, тікелей пиғылмен қайталанып жасалатын қудалау және алаңдаушылық туғызатын іс-әрекеттер ретінде құқықтық анықтама алғаш рет 1990 жылдан бастап АҚШ-та (Калифорния), қудалауға қарсы алғашқы заң қолданысқа енгізілгеннен кейін ғана қолданыла бастады. [1; 66.].

Бірақ, сонымен қатар, бұл термин тек құқықтану саласындағы ғана емес, сонымен бірге психология мен психиатрия саласындағы көптеген зерттеушілерге де кеңінен белгілі. Халықаралық тәжірибеге сай кейбір Еуропалық мемлекеттер сталкинг ұғымын «психологиялық террористер» деп есептейді. Белгілі жағдайлардың бірі бұл 2021 жылы Ұлыбритания да болған Грейси Спинкс бұрынғы әріптесі, әрі өзі «іздеуші/қудалаушы» деп танылған адамнан қаза тапты [2]. Сөздіктерде бұл сталкинг былай анықталады «қудалау» және «аңдуы». Сталкингтің мүмкін немесе нақты құрбандары бұрынғы жақын адамдары болып есептеледі: бұрынғы әйелі, бұрынғы күйеуі, бұрынғы достары, әріптестер және т.б. Р.Е.Mullen-нің еңбегінде «Сталкерлерді зерттеу» сталкерлердің бірнеше түрлерін анықтады [3].

Сталкерлердің бірнеше түрі кездеседі:

1. Шеттетілгендер – бұлар бұрынғы достарын қудалап, достықты қайта қалпына келтіру үмітімен немесе кек алу мақсатында, кейде екеуін үйлестіре отырып жасайды.

2. Сәтсіз ғашықтықтар немесе жақын қарым-қатынасты іздеушілер – бұл титпегі адамадар өзі сүйетін адамын қудалайды және сол адам ғашықтық сезімімен жауап беретіне сенеді. Кейбір жағдайларда қысқа мерзімді жыныстық қарым-қатынасқа түсу үшін заңсыз мәжбүрлейді.

3. Кек алушылар – бұрынғы достары, әріптестері, сүйікті адамдары және т.б психологиялық немесе физикалық жарақаттарды келтіргені үшін, оларға тура сондай ауыртпалық жағадай туғызатын адамдар [3; 2].

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы барсында адамдардың қарым-қатынасы түбегейлі өзгерді. Әлеуметтік желілермен замануи технологиялардың кең таралуы қоғамда әлеуметтік және құқықтық мәселелердің туындауына әкеп соқты. Солардың бірі – сталкинг, яғни адамның еркіне қайшы онымен байланыс орнатуға және (немесе) оны аңдуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, елеулі зиян [4] келтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз қудалау.

Сталкинг қоғамда кең тарағанымен, оның қоғамға деген қауіптілігі мен құқықтық сипаты көп жағдайда назар аударылмаған еді. Бұл әрекеттер жәбірленушінің психологиялық жағдайына, жеке өміріне, еркін жүріп тұруына және жеке тұлғаның өміріне тікелей қауіп төндіретін қылмыстардың бірі болып есептеледі.

Осыған байланысты азаматтардың жеке бас бостандығын қорғау жөніндегі шараларды күшейту мақсатында және «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында 2025 жылғы 16 шілдеде

Мемлекет басшысы Қылмыстық кодекске 115-1 - «Сталкинг» жаңа бабы енгізілген заңға қол қойды [5].

Осыған байланысты қылмыстық құқық бұзушылық – сталкингтің объективті жағын зерттеу – қылмыстық-құқықтық табиғатын түсіну үшін және құқық қорғау органдарының тәжірбиесін арттыру мақсатында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қылмыстың объективті жағы – қылмыстық заң құрайтын және заң қорғайтын қоғамдық қатынастарға қиянатпен қол сұғатын және қол сұғу қаупін тудыратын қоғамға қауіпті іс-әрекет немесе әрекетсіздік.

Сталкингтің объективті жағы белгілі бір нақты әрекеттер жиынтығы арқылы көрінеді. Оған мыналар жатады:

- жәбірленушінің еркіне қайшы онымен байланыс орнату (қоңыраулар, хабарламалар, анонимдік жазбалар);

- аңдыу (тыңшылық жасау);

- зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын (қажетсіз сыйлықтар жіберу, тұрғылықты мекен-жайын анықтау, үрей туғызу, қорқыту, мазасын ал және т.б.);

- елеулі зиян келтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз қудалау.

Аталған барлық әрекеттер жәбірленушінің жеке өміріне қол сұғу және оның еркіндігін шектеу болып есептеледі. Басты ерекшелігі – жәбірленушінің мұндай байланыс орнатуға немесе қарым-қатынасқа түсуге не жалғастыруға ниетін білдірмеуі, бірақ соған қарамастан екінші тұлғаның әрекеттерін тоқтата алмау.

Қылмыстың объективті жағы 3 түрден тұрады:

1. Іс әрекет – адамның еркіне қайшы онымен байланыс орнатуға және (немесе) оны аңдыуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, елеулі зиян келтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз қудалау.

2. Қылмыстық зардап-сталкингтің зардабы ретінде психологиялық жай-күйінің бұзылуы, қорқыншы сезімінің пайда болуы және жеке қауіпсіздігінен айырылу қарастырылады.

3. Себепті байланыс – сталкердің әрекеттерінің нәтижесінде жәбірленушінің психологиялық немесе әлеуметтік зардаптарының арасында себептік байланыстың болуы шарт. Егер осы әрекеттерді жәбірленуші өз өмірінде қысым, қорқыншы немесе шектеу сезінсе, онда бұл сталкингтік объективті жағының бар екенін дәлелдейді. Енді, қылмыстың объективті жағының факультативті белгілеріне тоқалайық:

1. Істелген орны

• Физикалық орын – пәтердің алдында күтіп тұру, жұмыс орны мен қоғамдық орындарда бақылап жүру.

• Виртуалды орын – әлеуметтік желілер, мессенджерлер, электрондық пошта арқылы қудалау.

2. Қолданылған құралдар мен қару-жарақтар

• Физикалық құралдар – бейне бақылау камералары, GPS құрылғылары арқылы қудалау.

• Гаджеттер – телефон хабарламалары, анонимдік хаттар, жалған профильдер арқылы бақылау.

3. Қылмыстың жасалу тәсілі – қорқыту, шантаж, жалған ақпараттар арқылы жәбірленушінің психикасына әсер ету.

Технологиялардың қарқынды даму нәтижесінде сталкинг қылмысы ақпараттық технологиялардың көмегімен жиі жасалатын болды. Бұл сталкингтің түрін – киберсталкинг деп атаймыз. Онда сталкер өз құрбандарын әлеуметтік желілерде бақылау, анонимдік хаттар жазу, жәбірленушінің атынан фейк аккаунттар ашып, жалған ақпараттар тарату сияқты әрекеттерді қамтиды.

Австралиядағы Жаңа Оңтүстік Уэльс штаты Қылмыстық кодексінде сталкинг деп – адамның жиі баратын кез-келген әлеуметтік немесе демалыс орындарына, жұмыс орнына барып, Интернетті немесе басқа да технологиялық құралдарды пайдалана отырып, адамның артынан бақылап жүру арқылы тұрғылықты жеріне жақындау, байланысуға тырысу.

АҚШ-тың Делавэр штатының қылмыстық кодексіне сәйкес, сталкинг – бұл белгілі бір нақты адамға қарсы, ол кезде мұндай әрекет қудаланушы адамның өзіне немесе басқа адамға физикалық зиян келтіруден қорқуына, медициналық емдеуді немесе кеңес беруді талап етуі мүмкін басқа да елеулі психикалық бұзылулардан зардап шегуіне әкелуі мүмкін саналы әрекет.

Бұл жағдайда мінез-құлық деп адам тікелей, жанама немесе үшінші тұлғалар арқылы, кез келген тәсілдің, әдістің, құрылғының немесе құралдың көмегімен жеке өміріне араласуды, қауіп төндіруі,

бақылауы, қадағалауы, зерттеуі, күнделікті қызметіне қауіп төндіруді, залал келтіруді немесе бұзуды жүзеге асыруы түсіндіріледі.

Жоғарыда келтірілген заңнамарда талдауға сүйене отырып, сталкинг – ол тек бір ғана әрекет емес, ол әрекеттер жиынтығында көрініс табады, яғни белгілі бір мінез-құлық түрі. Шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамасымен бекітілетін нормалардан көріп отырғанымыздай, сталкингқа жататын іс-әрекеттер мыналар: қорқыту, қудалау, жәбірленуші тарапынан қалаусыздық болмаған кезде байланыс орнатудың үздіксіз тәсілдері, сондай-ақ қудаланушы адамның дербес деректерін заңсыз пайдалану.

Сондықтан объективті жағын құрастыру кезінде сталкер жасауы мүмкін іс-әрекеттердің барлық спектрін ескеру қажет. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 115-1-бабына бірқатар өзгертулер енгізілуі қажет. Атап айтқанда, аталған баптың объективті жағын кеңейту маңызды. Себебі, қолданыстағы редакцияда сталкингтің сыртқы әрекеттерінің белгілері мен көрініс формалары толығымен ашып көрсетілмеген. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, заң шығарушыға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне мынадай өзгерістер енгізуді ұсынуға болады:

115-1-бап. Сталкинг

1. Сталкинг, яғни жүйелі түрде басқа адамға қарсы және оның өмір сүру сапасына теріс әсер ету мүмкін әрекеттер, қудалау, дәмелену, қорқыту қауіпін төндіру.

2. Сталкинг, яғни ақпараттық технологияларды, оның ішінде «Интернет» желісін немесе электрондық құрылғыларды пайдалану арқылы жасалған қудалау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лачин А.А., Лепёшина Н.В. Сталкинг: к проблеме правового определения и необходимости юридикации в законодательстве России // Проблемы управления. 2018. №5. С. 65 - 69.

2. Killing of Gracie Spinks https://en.wikipedia.org/wiki/Killing_of_Gracie_Spinks

3. Mullen P. E., Pathe M., Purcell R., Stuart G. W. Study of Stalkers // Am J Psychiatry. 1999. Vol. 156, Is. 8. P. 1244-1249

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

5. <https://kaz.inform.kz/news/stalking-boyinsha-2-kilmistik-s-kozgaldi-m-2c8ff6/>

ОКАЗАНИЕ ПРАВОВОЙ ПОМОЩИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИМ В СФЕРЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА

Мамедова Э., Калиева А.

магистранты 2 курса юридического факультета ОП 7М04203

Судебно - прокурорская деятельность

Научный руководитель: Аманжолова Б.А.

профессор кафедры уголовного права, процесса и криминалистики, к.ю.н.

Правовая защита прав несовершеннолетних является одной из важнейших задач международного сообщества. В условиях глобализации и роста трансграничной миграции особую актуальность приобретает международное сотрудничество в сфере оказания правовой помощи детям и подросткам. Современные тенденции международного права свидетельствуют о том, что защита прав детей возможна только на основе широкого международного сотрудничества государств и деятельности специализированных международных организаций [1]. Несовершеннолетние могут оказаться вовлечёнными в сложные правовые ситуации за пределами своей страны — будь то миграция, беженство, усыновление, уголовное преследование или торговля людьми. Международно-правовые стандарты по защите прав ребёнка устанавливают универсальные обязательства государств, включая необходимость международного сотрудничества в сфере судебной помощи, экстрадиции, усыновления, а также защиты при миграции и чрезвычайных ситуациях [2]. Эффективная правовая помощь в таких случаях требует